

Ж.Ташенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі



## «Асқар тау-Мұхтар Әуезов»

*(М. Әуезовтің 125-жылдығына арналған әдеби кеш)*

### СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРА

**Ұйымдастырушы: қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі  
О.Досхожаева.**

**2022-2023 оқу жылы**

**Мақсаты:**

Мұхтар Әуезовтің өмір жолы мен жазушылық қызметінен, шығармашылығынан мағлұмат беру. Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың білімдерін жүйелеу.

Оқушылардың өзіндік ізденіс жұмыстарына баулу, ой-өрісін, рухани жан дүниесін байыту. Ойын ашық білдіру, еркін сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Әлем таныған Әуезовтың ұлылығын дәріптеу. Қазақ елінің мақтанышына айналған заңғар жазушыны құрметтеуге, оқушыларды елін сүйуге, әдебиетті білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** М. Әуезов портреті, кітаптар көрмесі, азаматтық шығармашылығына байланысты презентациялық слайдтар, бұктемелер.

**М. Әуезов туралы видеотаспа. 2 мин**

**1- жүргізуші:** - Армысыздар, текті елімнің текті ұрпақтары!!!

**2 - жүргізуші:** - Армысыздар, кешке жиналған көпшілік қауым! Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына арналған әдеби кешімізді ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!!!

**1-жүргізуші:** Бүгінгі "Асқар тау-Мұхтар Әуезов" атты әдеби кешіміз қазақтың әйгілі жазушысы, қоғам қайраткері, филология ғылымының тұңғыш докторы, профессор, Қазақ КСР - ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері Мұхтар Әуезовтің туғанына 125 жылдық мерейтойына арналады.

**2 - жүргізуші:** М. Әуезов - жомарт табиғаттың жарық дүниеге тым сараң сыйлайтын біртуары. ХІХ ғасырдың асқар белі Абай болса, ХХ ғасырдың заңғар биігі - Мұхтар Әуезов.

**1- жүргізуші:** *Ақындар арнаулары*

Жазушыға талай ақындар жүрек жарды сүйікті жырларын арнаған. Мысалы: Қасым Аманжолов «Мұхтар аға!», Сырбай Мәуленов «Мұқана», Расул Ғамзатов «Мұхтар аға», Әбдіраштың Жарасқаны «Тарих заңы», Мұхтар Шаханов «Менің есімімді неге Мұхтар қойған?». Бұл оқылған дүниелердің бәрі біз үшін құнды. Өзінің ғажайып таланты, асқан еңбекқорлығы арқасында халқына қалтқысыз қызмет еткен, көркем сөздің шыңына шығып, соңына мәңгі өлмес мұра қалдырған әлемге әйгілі жазушыны дәріптеу - біздің абыройлы міндетіміз деп танимыз.

**Әдеби монтаж:**

Қазақ ақындарының Мұхтар Әуезовке арнаған жырларына құлақ түрсек.

**1-оқушы. Сырбай Мәуленов «Мұқана»**

Биіктеп Алатаудың Талғарындай,  
Тереңдеп Атыраудың аңғарындай,  
Аңқылдап жомарт көңіл келе жатыр  
Қазақтың даласының аумағындай.

Тәтті сөз тамылжыған таңдайында,  
Бұлақтай атқылаған әрдайым да.

Тоғысып толқын ойдың тораптары,  
Жатқандай оның жалпақ маңдайында.

Зеңгір көк, мұзарт таулы даланы кең,  
Жалт еткен, шалып өткен жанарымен.  
Тізілген нәркес көздей нәзік сөздер  
Табиғат талантының қаламымен.

Ұқтырып ұрпақтарға Абай тілін,  
Өткізген тебіреніп талай түнін.  
Соққанда алыптардың мұнарасын,  
Осылай шебер қолдар қалайтұғын.

Даланың арман еткен оянғанын,  
Толғаған ата-баба ой-арманын.  
Әкелген көз алдына атқан таңмен  
Көк өзен, кешкі бұлттың бояуларын...

Кеудесін кернеп зілді бір уайым,  
Теңселген Сарыарқада сырлы қайың.  
Даланың мұңлы аспаны, мөлдір көлі,  
Құшақтап құба жонда тұр Абайын.

Жапанда жапа шеккен жан сырласы  
Домалап омырауында тамшы жасы.  
Жым-жырт түн жыр аспанын барлағандай  
Қазақтың өлеңінің қаршығасы.

Тағы да ол ойға шомған шың басында,  
Сол шыңдай алып оның тұлғасы да.  
Ақынның қозғап ішкі дүниесін,  
Сал Біржан, әнші Әсет тұр қасында.

Тулаған: толқындай боп жел өтінде,  
Өткен күні өтеді алдан тербетіле.  
Сол күннің суретшісі Мұқтар аға  
Көз тіккен бүгін әлем келбетіне.

Айрылмай жиырма бестің жалынынан,  
Алпыстың қарайды асқақ адырынан.  
Ақылмен сезім отын тұтастырып,  
Байсалды бір танбайды қалыбынан.

Құшақтап дүниенің күллі бәрін,  
Алпыста жас балаша күлді жаның.

Жүз емес, Мұқтар аға бүгінгі күн,  
Сыйлайды елің саған мың жылдарын.

## 2-оқушы. Қасым Аманжолов «Мұқтар аға!»

Мұқтар аға! Мақтар аға едіңіз,  
Мықтылықты көзбен көрдік енді біз.  
Рахмет сізге, ақындардың ағасы,  
Бәйгемізден қасқайып бір келдіңіз!

Лауреаты ең құрметті сыйлықтың,  
Бүгінгі күн аузындасыз сіз жұрттың,  
Ертең елдің көкірегіне орнайсыз,  
Даңқы сізде топтан озған жүйріктің.

Жаса, біздің асыл ойлы ағамыз,  
Сіз бенен біз талай құрмет табамыз.  
Сізге риза қалың қазақ баласы,  
Сізге риза сонау Абай бабаңыз.

Кеудеңізде алтын ғасыр суреті,  
Тұлғаңызға бір қарасын жер беті.  
Ұқсын әлем, қандай екен жанымыз,  
Рахмет сізге, дана халық перзенті.

Туған жердің еменіндей бойлаған,  
Көп тусын деп ақын жанды ойлы адам.  
Тойыңызға түйғындай боп толғанам,  
Өзіңіздей өссем деп те ойланам.

## **3-оқушы. Расул Ғамзатов Мұқтар Әуезовке**

Көргенмін құрмет-сыйыңды,  
Қонақ боп, аға, үйінде,  
Бір кезде саған жырымды  
Оқығам авар тілінде.

Түсіндің жанын жырымның,  
Қарадың үнсіз асқарға,  
«Ұқсайды, – дедің, – тілің бір  
Күңгірлеп жатқан тастарға.

Тағы да үнсіз тоқталдың...  
Өзіңе біткен әдеппен:

«Ұлы ғой Кавказ, – деп қалдың, –  
Кеңістік жоқ-ау... тек, әттең.

Қалт етсе қолың, тағы бір  
Қайтсаңшы келіп ағаңа.  
Арғымақпенен, бауырым,  
Ақсаңшы мынау далада.

Бүркіт сап сағым ішінде,  
Қызықпен күнді батырып,  
Кавказдың шыңдары үшін деп,  
Ішейік қымыз сапырып...»

Оянды шалғын далада  
Көкала мұнар шайқаған.  
Келдім мен, бірақ, жан аға,  
Кездеспей қалдық қайтадан.

Алтын күн шығып асқардан,  
Бейне бір сонау қиялдай...  
Барады сүңгіп аспанға  
Қолыңнан ұшқан қырандай.

Қараймын көкшіл далаға,  
Толқимын іштей, ойланам:  
«Ұлы ғой Кавказ, жан аға,  
Өзіңе жету қайда оған!»

### **Ұлы адамдардың естеліктері**

-Әуезов Қазақстан үшін екінші Абай, біз үшін Шығыстың Шолоховы еді.

#### **Н.Погодин**

-Біз үшін Абай қандай болса, Мұхаң да – сондай даналық мектебі. Ол мектептен дәріс алу – әр қазақтың абыройлы борышы.

#### **Дінмұхамед Қонаев, мемлекет қайраткері**

-Әлемді көз алдыға келтіру үшін, басқалардың көзіне түсу үшін, адам рухының қадір-қасиетін асқатата көтеріп, жар салу үшін өз биігің – Мұхтар Әуезов сияқты асқар шыңың болу керек. **Шыңғыс Айтматов, жазушы**

-Мұхтар Әуезов – ақын. Ол өз елінің далалары мен тауларын, адамдарын үлкен эпик ақынша асқан суреткерлікпен бейнелейді. Сонша ұлылықпен,

сонша суреткерлікпен және Әуезовтей кісі жырлаған халық шын бақытты ғой.

### **Бержерон, француз жазушысы**

-«Мұқаң - әрі жазушы, әрі ғалым, әрі ұстаз, әрі қоғам және мемлекет қайраткері. Ол осының бір де бірінде осалдық көрсетпеген, бәрінде де орасан күшті, бәрінде қатар және тең ұстаған адам.» Абайша айтқанда, «Тас бұлақтың суындай сылдыраған өңкей келісімнің үлгісі болатын.»

### **Зейнолла Қабдолов**

**1-оқушы:** Ол қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданы жерінде 1897 жылы жиырма сегізінші қыркүйекте туған. Алғашқыда 1908 жылы Семейдегі Камалиддин хазірет медресесінде оқып, одан кейін орыс мектебінің дайындық курсына ауысады. 1910 жылы Семей қалалық бес кластық орыс қазына училищесіне оқуға түсіп, соңғы класында оқып жүргенде «Дауыл» атты алғашқы шығармасын жазады.

**2-оқушы:** Училищені 1915 жылы аяқтап, Семей қалалық мұғалімдер семинариясына түседі. Семинарияда оқып жүріп Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастанының негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, оны 1917 жылы маусым айында Ойқұдық деген жерде сахнаға шығарады. (Мұхтар Омарханұлы Әуезов құрметіне шығарылған марка)

**3-оқушы:** Әуезов қаламынан 30-дан аса драмалық шығарма туды. Жеке пьесалардың варианттарын қоссақ, **50-ден асады.** Әуезов драматургиясында жанрлық формалардың бәрін қамтыған. Онда трагедия да, комедия да, драма да бар. Әуезов кейбір шығармаларын бірігіп жазған. Олар: Л. Соболев («Абай»), С. Мұқанов («Ақан - Зайра»), Ғ. Мүсірепов («Қынаптан қылыш»), Ә. Тәжібаев («Ақ қайың»), Ә. Әбішев («Намыс гвардиясы»), «Октябрь үшін» (1933) пьесасының материалдары - Жетісу қазақтарының революцияға келуі. Кейіпкерлері - Д. Фурманов, Ж. Бәрібаев. Кітаптың мұқабасында «Мұны жазуға Қ.Байсейітов, Бековтар қатысты» деген сөздер бар. Әуезовті әдебиетке «Еңлік - Кебек» алып келді. Шығарма өзегі - эпостық материал. Әлемдік әдебиеттегі мұндай тәжірибе енімді дәстүрлердің бірі. Әуезовтің «Еңлік - Кебегі» 1922 жылы Орынборда басылды. Кейіпкерлері сахна тілімен сөйлейді. Автор өзінен бұрынғы мотивтерден алыс кетпеген. Билер сахнасы - көркемдік тамаша табыс. Кемшілік, олқылықтарды ескеріп, Әуезов пьесаны 1943 жылы қайта жазды. Бірнеше көрініс қысқарды. Аса терең, мәнді шығарманың бірі - «Түнгі сарын». Бұл - қазақ драматургиясында реализмнің орныққанын көрсеткен туынды.

**4-оқушы:** Ол 1961 жылы 27 маусымда Мәскеу қаласындағы Кремль ауруханасында операция кезінде қайтыс болды. 1961 жылы қайтыс болғаннан кейін Республика Үкіметі қаулы қабылдап, ұлы жазушының есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты мен Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрына Мұхтар Әуезовтың аты беріледі, әдеби мемориалдық мұражайы ашылып, бірқатар мектеп, көше және Алматының бір ауданы М.Әуезов атымен аталды.

**5-оқушы:** «Абай жолы» – Мұхтар Әуезовтың әлемге әйгілі роман-эпопеясы. «Абай жолы» – қазақтың көркем прозасын классикалық деңгейіне көтеріп, әлем әдебиетіне көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман-

эпопеясында қазақ халқын, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан энциклопедиялық деңгейде жан-жақты ашып көрсетті. Әуезовтың «Абай жолы роман-эпопеясы әлемдік деңгейде: «XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі» (Луи Арагон) деген жоғары баға алды.

**Жүргізуші:** М.О.Әуезовтың шығармашылық өміріне саяхат жасау мақсатында «Әуезов асыл-мұрасы» атты кітап көрмесіне шақырамыз.

**Айжан:**

«Дана Мұхтардың ұрпағы» – дейді,  
Мына жұрт мені жиі атап,  
Санасыз ерді семірте берер  
Сылдыр сөзбенен сый, атақ.  
Тұяғы дүлдүл тұлпардан туып,  
Тартпасам тарлан тегіме,  
Алшаңдап басып, ауыз толтырып,  
Айтудың өзі – ұят-ақ.  
Тұғыры биік баба мұрасын  
Ту қылып ұстап бұл күнде,  
Дүбірге толы дүние мынау,  
Қосылдым ұлы дүмпуге.  
Тай кезінен-ақ тұлпар танитын  
Талғамы күшті халқымның  
Атаға тартып еңіреп туған  
Ерді аңғармауы мүмкін бе?  
Түңіліп жатқан Абай данамның,  
Таудай тұлғасын тірі ғып,  
Көрсетіп еді ол халқыма менің,  
Қарады әлем үңіліп  
Осындай болар – ел ұмытпайтын ірілік  
Осындай болар – ел ұлықтайтын ұлылық!  
Абайдың жолы – қазақтың жолы,  
Керегі жоқ оған дәлелдің.  
Қазақы тірлік – шынайы шындық,  
Тарихы сонда бар елдің.  
Балапан арман жетелеп шығып,  
Шырқау шыңына Шыңғыстың  
Ұлы Мұхтардың қыран-қиялы  
Биігінде тұр әлемнің.  
Қазаққа мына Мұхтардай арыс  
Тумайды қайта десем де,  
От болып туып, шоқ болып жанған,  
Жалынды ғұмыр өшер ме?  
Киелі Шыңғыстың топырағынан  
Нәр алып өскен бір ұланмын,  
Ұлы Мұхтардың ұрпағымын деп,  
Мақтана аламын ұран сап!

**Қорытынды:**

**1-Жүргізуші:** Әуезов әлемі дейтін кең дүниенің жаратылысы мен табиғатын екі сөзбен қайырып айту мүмкін емес. Оны терең танып, жан-жақты талдау – әр дәуір, әр ұрпақтың киелі міндеті. Француздар – Бальзакты, орыстар – Толстойды, американдықтар – Драйзерді, немістер – Гетені қалай зерттеп, зейіндесе, қазақтар Әуезовті дәл солай тануға ұмтылғанда ғана ұлттың өзін-өзі тануы, өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі қадірлеуі қалыптаспақ, күшеймек, жалғаспақ. Әуезов әлемі көзге көрінбейтін ғажайып ұлы сиқырымен, құдіретімен ұлттық рух тәуелсіздігін қорғауға, сақтауға үйретеді!

**2-Жүргізуші:** Келер ғасырда да кемелдене беретін кемеңгер М.Әуезов – тек сіз бен біздің ғана емес, әлі дүниеге келмеген жаңа ұрпақтардың да сарқылмас игілігі, өлшеусіз бақыты. Өйткені, М.Әуезов құдіреті оның елге деген шексіз махаббаты мен сенімінде жатыр. Осы бір ақиқатты сезіну мына біздерге, бүгінгі тәуелсіз мемлекеттің жас ұрпағына қажымас қайрат, жасымас жігер қосады.

**1-жүргізуші:** Осымен «Асқар тау-Мұхтар Әуезов» атты Мұхтар Әуезовке арналған кешімізді аяқтаймыз.

**2-жүргізуші:** Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп- көп рахмет!